ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«EDU.E-HISTORY.KZ»
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(24) қазан-желтоқсан 2020
ISSN 2710-3994

Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:
Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)
Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Кырғызстан)
Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Казахстан)
Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)
Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)
Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)
Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)
Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)
Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)
Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Казахстан)
Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)
Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)
Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
Матыжанов Кенжехан Ісламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)
Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)
Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)
Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)
Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)
Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)
Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)
Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы
Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым
Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:
Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт- Петербурге (Россия)
Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)
Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)
Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)
Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государстваКН МОН РК (Казахстан)
Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)
Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)
Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно- Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)
Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)
Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)
Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)
Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)
Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)
Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»
Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)
Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второймировой войны г. Гданьска (Польша)
Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет (Литва)
Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германскогоархеологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)
Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби(Казахстан)
Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийскогонационального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
Таймагамбетов Жакен Кожахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК,Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна
Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна
Редактор:
Кубеев Рустем Джаулыбайулы
Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна
Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:
Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)
Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)
Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)
Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)
Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)
Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)
Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)
Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)
Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)
Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)
Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)
Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)
Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)
Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)
Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)
Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)
Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)
Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)
Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)
Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)
Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)
Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:
Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna
Scientific Editor:
Kozybayeva Makhabbat Malikovna
Editor:
Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich
Executive Secretary
Konkabayeva Arailym Nurbolatovna
Technical secretary:
Khumarzakh Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ: ФЕНОМЕНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Сатанов А.Б.

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университетінің докторанты. Қазақстан, Нұр-Сұлтан.

Аңдатпа. *Кіріспе.* Мақалада қашықтан оқытудың даму тарихы туралы егжей-тегжейлі баяндалады. Хат алмасу және пошта арқылы оқытуды пайдалану, радио, теледидар және содан кейін интернет арқылы онлайн білім беру қашықтан оқытудың кезең-кезеңмен дамып, түрлендіріліп, өзіндік ерекшеліктер мен айырмашылықтарға ие болғанын, эволюциялық даму жолынан өткенін байқауға болады. Тарихи-педагогикалық салада өсіп келе жатқан зерттеулер көлемі қашықтан оқытуды зерделеуде жаңа ашылымдар мен зерттеудің инновациялық салалардың қалыптасуына ықпал етуде. Мақалада қашықтан білім беруді зерттеу үшін феноменологиялық амал шеңберінде терминологиялық талдау, кезеңдеу әдісі және феноменологиялық редукция қолданылды. Феноменологиялық тәсілдің көмегімен қашықтан білім берудің ерекшеліктері мен қасиеттері феномен және тарихи үрдіс ретінде сипатталады. Қашықтан оқытудың қазіргі кездегі қоғам дамуына ықпалы маңызды. Ең бастысы қашықтан оқытудың сапасын арттыру және оны білім беруге енгізу барысындағы олқылықтарын түзету, туындап жатқан қиыншылықтарын шешу, жаңа технологияларды енгізудің кемшіліктері мен жетістіктерін, ноу-хау мен тәжірибелерін енгізу үрдістерін зерттеу XXI ғасырдың өзекті мәселесіне айналды. Сондықтан мақалада қашықтан оқытудың дамуын тарихи аспект және феноменологиялық амал тұрғысынан қарастыра отырып, COVID-19 пандемиясы кезеңінде адамзаттың алдында осы үдеріс салдарын азайту және үздіксіз білім беруді қамтамсыз ету үшін мүмкіндіктер жасалынуы қажет деген қорытынды жасалынды. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін әлем елдерінің қашықтан оқытудың екі ғасырлық даму тәжірибесін пайдалануы және соның негізінде тиімді шешімдер қабылдауы маңызды.
Түйін сөздер: беру, цифрлық, білім, онлайн, технологиялар, қашықтан, оқыту, қашықтан, білім, беру, корреспонденттік, оқыту, білім, беру, тарихы, ғылыми-техникалық, прогресс, ақпараттық-коммуникативті, технологиялар, феномен.

ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ДИСТАНЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ФЕНОМЕНОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ

Сатанов А.Б.

PhD докторант Евразийского Национального университета им. Л.Н. Гумилева. Казахстан, г. Нур-Султан.

Аннотация. *Введение.* В статье подробно излагается история развития дистанционного образования, которое началось в XVIII веке с обучения через переписку и почту. Позже дистанционное образование развивается с помощью радио и телевизионной трансляции, а в последней четверти XX века – через интернет. Так, можно наблюдать, что дистанционное образование развивалось и преобразовывалось поэтапно, оно имеет свои особенности и различия как феномен, а также оно прошло эволюционный путь развития. Растущий объем исследований

в историко-педагогическом направлении способствует становлению новых открытий в образовательной сфере, а также в истории изучения образования, в том числе дистанционного обучения.
В статье дистанционное образование было исследовано с помощью феноменологического подхода, с применением терминологического анализа, метода периодизации развития феномена и феноменологической редукции.
С помощью феноменологического подхода описаны особенности и свойства дистанционного образования как феномена и исторического процесса.
Актуальной проблемой XXI века стало изучение процесса внедрения новых технологий, ноу-хау и опыта в образовательную сферу с целью решения возникающих трудностей, и их устранения в развитии общества. Новые технологии применяются в целях повышения качества и результативности методов обучения, в рамках которых дистанционное обучение будет способствовать развитию современного общества, а самое главное повышению качества образования.
Поэтому статья была направлена на рассмотрение исторического аспекта развития дистанционного обучения, так как в период пандемии COVID-19 перед человечеством стоит задача уменьшить последствия этого процесса и создать возможности для обеспечения непрерывного образования общества. В данном контексте важно использование двухвекового опыта развития дистанционного обучения, и принятие на этой основе эффективных решений в современных реалиях.
Ключевые слова: дистанционное обучение, дистанционное образование, корреспондентское обучение, история образования, научно-технический прогресс, информационно-коммуникативные технологии, онлайн-образование, цифровые технологии, феномен.

HISTORY OF FORMATION AND DEVELOPMENT OF DISTANCE EDUCATION: PHENOMENOLOGICAL RESEARCH

Satanov A.B.

PhD Student of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Kazakhstan, Nur-Sultan.

Abstract. *Introduction.* The article describes the history of the development of distance education, which began in the 18th century with teaching through correspondence and post. Later, distance education developed through radio and television broadcasting, and in the last quarter of the 20th century via the Internet. So it can be observed that distance education has developed and transformed in stages, it has its own characteristics and differences as a phenomenon, and it also went through the evolutionary path of development. The growing volume of research in the historical and pedagogical direction contributes to the formation of new discoveries in the educational sphere, as well as in the history of the study of education, including distance learning.
In the article, distance education was investigated using a phenomenological approach, applying terminological analysis, the method of periodization of the development of the phenomenon and phenomenological reduction.
With the help of the phenomenological approach, the features and properties of distance education as a phenomenon and a historical process were described.
Studying the process of introducing new technologies, know-how and experience into the educational sphere with the aim of solving emerging difficulties and their elimination in the development of society has become an urgent problem of the XXI century. New technologies are used to improve the quality and

effectiveness of teaching methods, within which distance learning will contribute to the development of modern society, and most importantly, improve the quality of education.
Therefore, the article was aimed at considering the historical aspect of the development of distance learning, since during the COVID-19 pandemic, mankind is faced with the task of reducing the consequences of this process and creating opportunities to ensure continuous education of society. In this context, it is important to use two centuries of experience in the development of distance learning, and to make effective decisions on this basis in modern realities.
Keywords: distance learning, distance education, correspondence education, history of education, scientific and technological progress, information and communication technologies, online education, digital technologies, the phenomenon.

Кіріспе

Білім беру технологияларының дамуы жалғасуда, дәстүрлі және виртуалды сыныпта білім беретін әдіс-тәсілдер, ақпараттық-коммуникативті технологиялар одан әрі дамуда. Сондықтан білім беру технологиялары саласындағы прогресс пен жетістіктерді, білім беру сапасын арттыру үшін қолданылатын әдістердің алуан түрлілігін зерттеу және енгізу қажет. Бүгінгі таңда XXI ғасырдың сын-қатерлеріне жауап беру, экономикалық дамудың маңызды негізін қамтамасыз ететін білім беру сапасын арттыру үшін білім беру дамуының тарихын қарастыру сәті келді. Сонымен бірге қашықтан оқытудың қалыптасу мен даму тарихына көз жүгіртіп, бұл салада адамзат баласы мен түрлі елдер қандай қиыншылықтардан өтті, қандай тәжірибеге ие болды, ең бастысы қандай қателіктер жасағанын анықтап, Қазақстанда қашықтан оқытуды енгізу барысында дамыған елдердің тәжірибесіне сүйеніп, елімізге қажетті жақтарын іріктеп алып, отандық қашықтан оқыту жүйесін құру маңызды болып тұр.

Жаңа ақпараттық және педагогикалық технологияларға сүйеніп қашықтан оқыту қоғамның қажеттіліктерін өтеуге және алдағы уақыттағы көптеген мәселелерді шешу үшін өте икемді және тиімді. Алайда, қашықтан оқыту туралы қоғамдағы және ғылымдағы даулар диаметральды қарама-қарсы пікірлерді қалыптастырады: біреулер оны білім берудің жаңа әмбебап нысаны ретінде сипаттаса, екінші біреулер оны ақпарат таратудың құралдары мен әдістерінің жиынтығы ғана деп ойлайды. Сондықтан қашықтан оқытудың білім беру және қоғам үшін маңыздылығын анықтау үшін, көптеген ғалымдар мен философтардың еңбектерін, қашықтан оқытуды білім беру жүйесіне енгізу, оны қолдану және оның қандай нәтиже бергенін жан жақты талдап, зерттеуді қажет етеді.

Қашықтан оқытуды ұйымдастырудың даму тарихын қарастыра келе, оның адамзат өркениетінің ондаған, жүздеген жылдар бойы жинақтаған тәжірибесін қамтығанына көз жеткізе аламыз.

Бұл мақалада қашықтан оқытудың даму эволюциясы, хат жазысу және пошта көмегімен, радио және теледидар арқылы, қазіргі таңда компьютер, интернет және т.б. инновациялық технологиялар арқылы оқыту білім беру қашықтан оқытудың түрлері және даму барысы сипатталып зерделенді.

Материалдар мен әдістер

Кез-келген феноменнің мәнін ашудың басты қадамы – зерттеудің басты ұғымдары мен терминдерінің анықтамасын ашу. Сондықтан концептуалды терминологиялық аппарат ғылыми зерттеудің маңызды әдіснамалық негізіне айналады. Ұғымдық-терминологиялық аппаратты талдау ғылыми-зерттеу жұмысының ерекше міндеттеріне жатады.

Терминологиялық талдау – зерттеу объектісінің мәнін ашатын терминдердің және ұғымдардың мағынасын анықтау және нақтылауға бағытталған теориялық зерттеу әдістерінің

бірі. Терминологиялық талдаудың нәтижесінде ғылыми тәсілдерді және ұстанымдарды белгілеуге негіз беретін дефинициийлер мен экспликациялар анықталады. Сондықтан мақалада ең алдымен қашықтан оқытудың мағынасы талданып, өзіндік анықтама ұсынылды.

Ғылыми әдебиетте «қашықтан оқытудың» көптеген анықтамалары берілген. Қашықтан оқытуды ашық білім беру, үздіксіз білім беру, икемді білім беру, АКТ арқылы білім беру, виртуалды білім берумен, т.б. байланысты деп түсіндіреді. Біреулер оны ақпараттық технологиялар қолдану арқылы күндізгі, сырттай білім беру, дәстүрлі және инновациялық білім беру элементтерін біріктіретін оқыту тәсілі деп анықтаса, екінші біреулер оны тұлғаның жан жақты шығармашылық дамуын мақсат еткен өзіндік білім алу қағидатына негізделген педагогикалық технология деп түсіндіреді.

Алайда қашықтықтан оқытуды қазіргі кезде пайда болған жаңа тәсілдер қатарына жатқызу дұрыс болмас. Ол сонау XVIII ғасырда пайда бола бастаған оқыту әдістерінің біріне жатады. Оның эволюциясы мен ілгерілеуі соңғы 200 жылда ғылыми техникалық прогресс пен коммуникациялық технологиялардағы инновациялармен қатар жүріп келеді, сонымен қатар қашықтан оқытудың танымалдығы мен қажеттілігі күннен-күнге өсіп келе жатыр.

Қысқаша тарихи-терминологиялық анықтама бойынша, «қашықтықтан оқыту» терминін алғаш рет Висконсин университеті 1892 жылы сырттай (корреспонденттік курстар) каталогында қолданған және бұл сөз тіркесінің шығу тегі американдық болып табылады. XX ғасырдың 70-ші жылдардың ортасы мен 80-ші жылдардың басына дейін «қашықтықтан оқыту» термині тек «корреспонденттік оқыту», «үйде оқыту», «тәуелсіз оқыту» терминдерінің синонимі ретінде немесе олардың жалпылама баламасы ретінде қолданылды, ал орыс тіліне ол «сырттай оқыту» деп аударылды. Кейінгі жылдары қашықтан оқыту сырттай оқытудың барлық нысандарының жалпылама атауына айналды, ал білім беруде телекоммуникациялық технологиялардың қолданылуына байланысты жаңа бір мағынаға ие болды (Густырь, 2001: 450).

АҚШ зерттеушілері Moore M.G., Thompson M.M., Verduin J.R., Clark T.A. қашықтан оқытуды «білім беру ұйымынан тыс кабельді немесе жерсеріктік телевизия, видео- немесе аудиожазбалар, факс, модем, видеоконференциялар сияқты технологиялар арқылы білім беру бағдарламаларын тарату», - деп түсіндіреді (Moore, 1997: 112).

Қазақстандық ғалымдар Ж. Караев, Е. Балафанов, Е. Есбосынов қашықтан оқыту ашық білім беру идеясын іске асыратын амалы және оның нәтижесінде қалыптасатын арнайы әдістемелік және әдіснамалық әдіс-тәсілдердің жиынтығы деп көрсетеді (Қараев және т.б. 1998: 140-148).

Ресейлік зерттеуші А. Долгоруков «қашықтан оқытуды – іс-әрекетті білім беру әдістемесін, қарқынды білім беру әдістерін, білім беру ақпаратымен қашықтықтан алмасу құралдарын (қағаз нұсқа мен электронды тасымалдаушы, жерсеріктік, телевизия, радио, компьютерлік желі, т.б.) қамтитін мамандандырылған ақпараттық білім беру ортасы көмегімен қалың бұқараға білім беру қызметінің кешені», - деп анықтайды (Долгоруков, 1999:102-117).

О. Околелов қашықтан оқыту – оқу үрдісін телекоммуникация, ақпараттық технологиялар, интернет құралдары негізінде ұйымдастыратын педагогиканың арнайы білім беру жүйесі деп сипаттайды (Околелов, 2000: 37-44).

Қашықтықтан оқыту білім алушы мен педагог қызметкерінің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы негізінде оқыту әдістемесі ретінде анықталады. Бұл жүйеде хат алмасу, аудио, бейне, компьютер және интернетті (Roffe, 2004: 335) қоса алғанда түрлі технологиялар комбинациясын пайдалану қарастырылған.

Бүгінгі қашықтан оқыту нұсқасы - бұл білім алушыға оқу мазмұнын 80%-дан кем емес бөлігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және телекоммуникациялық құралдарды қолдану арқылы онлайн түрде жеткізу механизмі болып табылады (Allen, Seaman, 2008: 28).

Жоғарыдағы анықтамаларды ескере отырып, біз қашықтан оқытуды педагогика, психология, дәстүрлі білім беру тәжірибесін, аудивизуалды құрылғылар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пайдалану негізінде кез келген адамға өзін-өзі жетілдіруге, өзінің әрекет қабілеттілігі мен дербестігін сезінуге, мәдени және кәсіби деңгейін арттыруға жағдай жасайтын білім алу мен дағдыларды қалыптастырудың гуманистік нысаны деп анықтаймыз.

Қашықтан білім берудің даму мәселесі бойынша барлық дереккөздер мен ғылыми зерттеулерді талдауды тиімді жүргізу, жинақталған ауқымды әрі сан қырлы материалды саралау үшін кезеңдеу әдісі қолданылды.

Қашықтан білім берудің даму тарихын шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Қашықтан білім берудің **бірінші кезеңі** шамамен үш жүз жыл бұрын 1728 жылы пайда болды. Қашықтан білім беру тұрақты пошта қызметінің пайда болуымен басталды. Сол кезеңде қашықтан білім беру үшін қол жетімділік ерекшелігі тән болды. Сонымен қатар қашықтан білім беру жалпыға бірдей сауаттылықты арттыру және ағартушылықтың дамуына ықпал етті.

XX ғасырдағы өркениеттің даму қарқыны мен ҒТР жетістіктерінің нәтижесінде ақпарат көлемінің қарқынды өсуін, құрудың, таратудың және өңдеудің тұрақтылығын қамтамасыз ететін аудиовизуалды құралдар қоғамның көптеген қажеттіліктеріне жауап беріп, көптеген мәселелерін шешуге жәрдемдесті. Сөйтіп, адамзат қашықтан білім беруді дамытудың **екінші кезеңіне** аяқ басты. Бұдан былай қажетті ақпаратты жеке тұлға, топтарға тіпті жаппай қоғамға артық уақыт және қаржылай шығындарсыз, кез келген қашықтықта, аудио немесе видео түрде, көрнекі немесе ойын-сауық нысанда жеткізу үшін техникалық мүмкіндік туындады. Көптеген елдер аудиовизуалды құралдарды білім беру саласында қолданып, халық сауаттылығы мен білімінің әлдеқайда сапалы деңгейге көтерілуіне ықпал етті.

Қашықтан білім беруді дамытудың **үшінші кезеңі** ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген, олардың пайда болуымен жаңа мүмкіндіктер қалыптасты. АКТ қашықтан білім берудің бірінші және екінші кезеңіндегі түрлерін толықтыра алады және олардан тәуелсіз де қолданылуы мүмкін. Не болса да АКТ оқытушылар мен білім алушылардың ыңғайлы және өзара тиімді іс-әрекетін қамтамасыз етеді.

Жаңа кезеңнің басында графикалық интерфейсі бар дербес компьютерлер кең таралып, олардың көмегімен түрлі форматтағы мультимедиалық деректерді қолдануға мүмкін болды. Білім берудегі компьютерлердің пайда болуы мен пайдаланылуы оның мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтіп, компьютерлік оқытуды қалыптастырды. Содан кейін интернет желісінің пайда болуы қашықтан оқытудың дамуына серпін берді. Бүгінгі күні қашықтан білім беруде ең танымал әдісі – интернет арқылы оқыту. Бұның ең басты себептері – басқа технологияларға қарағанда интернет уақыт пен қаражатты үнемдеуге, жеке сабақтар мен кеңес алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге және оқу материалдарын дер кезінде алуға, сақтауға және қолдана алуға мүмкіндік береді.

Қашықтан білім беру тарихына қатысты оны феноменологиялық тұрғыдан қарау жетекші елдердің мысалында феноменнің тарихын зерделеу негізінде, бірақ ол туралы пікір шығармай, мүмкіндігінше зерттеліп отырған (XVIII - XXI ғасырдың басындағы білім беру жүйесі ретінде қашықтықтан оқыту) көріністерінің толық және бейнелі сипаттамасын жасау ретінде жүргізілуі мүмкін. Тағы бір нұсқа – дамыған елдердің барлық білім беру мекемелері үшін белгілі бір институттардың немесе тіпті жеке тұлғалардың нақты тәжірибесінен тиісті абстракциялау арқылы белгілер мен жетістіктерді анықтау қажеттілігі. Қоғамдық санада өткен және қазіргі кездегі қашықтан оқытуды ерекше қабылдаудың себептерін түсіндіруге болады. Сонымен қатар, қашықтан білім беруді зерттеудегі феноменологиялық тәсіл біртекті объектілермен (әр түрлі аймақтардағы білім беру мекемелері – АҚШ, Ұлыбритания, т.б.) салыстырғанда зерттелушінің ерекше ерекшеліктерін немесе зерттелетін феноменнің көрінуіне ықпал еткен факторлардың

сипаттамасын (дамыған елдердегі бірегей білім беру ортасы - экономика, қоғам, бүкіл білім беру жүйесінің деңгейі, технологиялар, менталдылығы) қамтуы мүмкін. Бұл сондай-ақ отандық тарихи-педагогикалық үрдіс үшін осы құбылыстың рөлін, мәнін нақтылауға жәрдемдеседі.

Талдау

Қашықтан оқытуды зерттеудің түп негіздері сонау XIX ғасырда бастау алады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы қоғамдық ғылымдар классиктері (Дюркгейм, 1996: 80), (Вебер, 1990: 736-770), (Дьюи, 2000: 384), (Мангейм, 2000: 162) әлеуметтік келісім мен әр түрлі қоғамдық таптар арасындағы игілікке қол жеткізуге бағытталған білім беру институтының қызмет ету сипаты мен механизмінің біртұтас тұжырымдамасын әзірледі. Сол арқылы қашықтан білім берудің гуманистік және демократиялық сипаты анықтала бастады.

Ғылыми-техникалық прогресс рөлінің артуына байланысты XX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап жоғары білім беру саласындағы әлеуметтік зерттеулердің жаңа кезеңінде Беккер Г. (Беккер, 2003: 86-104), Бовен Х. (Бовен, 1977: 514) сияқты ғалымдардың еңбектері өзекті болды.

Коулмен Дж. (Коулмен, 2001: 122-139), Минцер Дж. (Минцер, 1974: 167) зерттеулері «адами капитал» теориясы шеңберінде сапалы жаңа жұмыс күшін құру мәселелеріне бағытталған. Білім алудағы әлеуметтік теңсіздікті олар әлеуметтік топтардың тең емес мүмкіндіктерімен байланысты «адами капиталға» отбасылар мен жеке тұлғалар инвестицияларды әртүрлі көлемде құюды деп түсіндірді.

Ресей Федерациясының ғалымдары да қашықтан оқытуды зерттеуге елеулі үлес қосқанын атап өткен жөн. Ғылыми-білім беру кешендерін дамыту, ғылым мен білім беруді интеграциялау, қоғамның зияткерлік-білім беру әлеуеті, білім беруді кәсібилендіру, гуманизациялау және ізгілендіру үдерісіндегі білімнің рөлі, оқу-білім беру қызметіндегі ұлттық аспектілер, жастардың әлеуметтік қозғалысы Антошкина В.Н. (Антошкин, 1997: 142), Гилязитдинова Дж. М. (Гилязитдинова, 2001: 211), Егорышева С.В. (Егорышева, 2004: 21-24), Кабаковича Г.А. (Кабакович, 2009), Леготина Э.В. (Леготина, 2008: 173-179) сияқты ғалымдардың зерттеу объектісіне айналды.

Н.А. Аитов және оның мектебі білікті кадрларды даярлау мәселелерін зерделеуге және «артық білім» туралы мәселені зерттеді (Аитов, 1968: 187-196). В.Д. Попов білім беруде іс-әрекеттік тәсілді (Попов, 1981: 198), ал Е. Ю. Бикметов коммуникативтік тәсілді зерттеді (Бикметов, 2003: 101). Білім беру қызметі сервисінің даму тенденцияларын Е.В. Биндиченко зерттеді (Биндиченко, 2000).

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында «қашықтықтан оқыту» нысанын дамыту білім берудің ұлттық моделін жетілдірудің негізгі бағыттарының біріне айналды. Бұл бағыттағы белсенді іс-әрекеттер Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік тұжырымдамасы, орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламалары, бастауыш және орта кәсіптік білім беруді ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде жүргізілуде. Қазақстан Республикасында жүргізілген «қашықтықтан оқыту» проблемаларына арналған зерттеулердің ішінде Джусубалиева Д.М. атап өту қажет (Джусубалиева, 2015: 130-145).

Сонымен қатар М.Ж. Журиновтың жұмыстарында қашықтан оқыту білім алушы мен оқытушының мақсатты бағытталған жанама немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы арқылы, олардың орналасқан жеріне және уақытына қарамастан педагогикалық ұйымдастырылған ақпараттық технологиялар негізінде, ең алдымен телекоммуникация құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылатын білім беру технологияларының жиынтығы ретінде белгіленіп отыр (Журинов, 1993: 5-13).

Г.К. Нұрғалиеваның ғылыми еңбектерінде қашықтан оқыту ақпараттық-коммуникациялық технологиялардағы жаңа жетістіктерді пайдалана отырып, қашықтан білім алу мүмкіндігі ретінде қарастырылады.

Бақтыбаев Ж.Ш. Тусубаева өз мақаласында Қазақстан ғалымдарының ғылыми еңбектері негізінде заманауи «қашықтықтан оқыту» саласындағы білім беру технологияларына сипаттама береді (Бактыбаев, Тусубаева, 2019: 228-235).

С.Г. Бондарева, Н.А. Завалко өз жұмысында әлемдік және Отандық «қашықтықтан білім» беру жүйесінің жай-күйін, үрдістерін, сондай-ақ дамуы мен қалыптасуының негізгі кезеңдерін талдайды (Бондарева, Завалко, 2002: 87-89).

Зерттеу нәтижелері

Қашықтықтан оқыту XVIII ғасырдың аяғынан бастап Батыс елдерінің күнделікті өміріне айналған әдеттегі жағдайлардың бірі бола бастады, ал оның одан да бетер қарқынды дамып, кең етек жая бастауы XX ғасырдың соңында үшінші ғылыми-техникалық революцияның ілгерілеуімен басталды. Қашықтықтан оқыту жаңа бір құбылыс болмаса да, ол ақпараттық-коммуникативті технологиялардың дамуына қарай жаңа белестерді бағындыруда.

*Қашықтан білім беру дамуының 1-кезеңі.*XVIII ғасырдың басында Еуропада корреспонденттік оқыту пайда болды. Педагогтер пошта арқылы оқушыларға оқу материалдарын жіберіп, білім алушы берілген тапсырмаларды орындап болғаннан кейін өз жұмыстарының нәтижелерін кері байланыс және түсініктемелер алу үшін мұғалімге қайта жіберетін болды.

Корреспонденттік оқуды дамытуға Ұлыбританиялық Айзек Питман елеулі үлес қосты. 1840-шы жылдары ол оқуға стенографиялық хат енгізуді ұсынды: британдық ғалым өз оқушыларына шифрланған мәтіндерді жіберді және оқу нәтижелерін тексеру үшін оқушылардан жұмыстарын қайтарып беруді талап етті. Бұған қоса емтихандар мен қорытынды аттестаттау да дәл сол пошта көмегімен хат алмасу арқылы жүзеге асырылды.

Исаак Питман демократиялық көзқарастарға ие болды, ол бүкіл адамдардың жоғары білім алуына құқылы екенін мәлімдей отырып, білімге қол жеткізу адамның нәсілі, діни-сенімі, ұлты немесе әл-ауқатына тәуелді болмауы керек деп ойлады.

1870 жылдары пошталық хат алмасу арқылы жұмыс істейтін бірінші сырттай мектептер ашылды. 1914 жылы мұндай мектептер Ұлыбританияда, көп ұзамай Канадада, Австралияда, Жаңа Зеландияда да пайда болды.

Корреспонденттік оқыту білім беру тарихында елеулі өзгеріс болды, себебі оқытудың бұл түрі білім алуға ұмтылған, алайда алыс шалғайда өмір сүріп жатқан адамдар үшін керемет мүмкіндік туғызды. Әуел баста сапалы білім алуға тек қала тұрғындары ғана мүмкіндік алатын. Алайда корреспонденттік оқыту арқылы педагогтер пошта арқылы оқу материалдары мен тапсырмаларды қалада тұрмаған адамдарға жіберу арқылы білім бере бастады. Білім алушы тапсырманы орындап болғаннан соң, сын пікір мен кері байланыс алу үшін өз жұмысын педагогке қайта салып жіберетін болды. Сөйтіп, бұл арқылы қашықтан оқытудың негізгі ерекшелігі айқындала бастады, яғни оқытудың бұл түрі білім беруде тең құқықтылықты және инклюзияны қамтамасыз ететін болды. Қашықтан оқыту, соның ішінде корреспонденттік оқыту дәстүрлі білім беру мекемелерінде қандай да бір объективті себептерге байланысты оқи алмаған немесе мұғалімді жалдап, бетпе бет білім алуға ақы төлей алмаған адамдардардың білім алуы үшін тамаша мүмкіндік туғызды (Jonasson, 2001: 153).

XVIII ғасырдың соңында және XIX ғасырдың басында корреспонденттік оқыту жаңа серпін алды. Себебі ол кезде қоғамда университетте дәстүрлі білім алу мүмкіндіктері өте төмен болды, оған отбасылық, қаржылық, географиялық және т.б. факторлар ықпал етіп, адамның жоғары білім алуына кедергі келтірді (Verduin, Clark, 1991: 279).

Білім алуға деген қол жетімділікті арттыратын корреспонденттік оқыту үлкен маңызға ие бола бастады. Корреспонденттік оқытуға деген өсіп келе жатқан сұраныс пен қажеттілікпен қатар, оның ұсынатын оқу бағдарламаларының нәтижесінде берілген білім сапасына деген алаңдаушылық та артты.

Темір жолдар желісінің пайда болуы корреспонденттік оқытуды дамытуға көп үлес қосты, себебі түрлі жерлерде тұратын білім алушыларға оқу материалдарын жылдам жеткізуге жол ашылды.

1915 жылы Университеттердің біліктілігін арттыру Ұлттық ассоциациясы (The National University Extension Association) «үздіксіз білім беру және университеттерде біліктілікті арттыру саласындағы идеалдарды, әдістер мен стандарттарды әзірлеу және алға бастыру» (Университеттердің біліктілігін арттыру ұлттық ассоциациясы) мақсатында құрылды. Академиялық дәрежелер үшін студенттерді оқыту, кәсіби білім мен дағдыларды арттыру, жаңа сарбаздарды жаттықтыру үшін қызмет еткен корреспонденттік оқытудың мақсаты кез келген адамға өз білімін арттыру және дағдыларын жетілдіру үшін мүмкіндік беру және сапалы білім қамтамасыз ету болды.

*Қашықтан оқытудың қалыптасуы.*1892 жылы Чикаго университеті алғашқы қашықтан оқыту бағдарламасын жасап, АҚШ-тың алғашқы қашықтан оқыту университетіне айналды. Канададағы Корольдік университет 1899 жылдан бастап студенттерді қашықтан оқыта бастады.

1906 жылы Балтимордағы Калверт бастауыш мектептері де қашықтан оқыта бастады (Петькова, 2015: 199-204).

XIX ғасырдың соңында қашықтан оқыту әдісі Ресей империясында қолданыла бастады.

КСРО-да қашықтан оқыту революциядан кейін 1917 жылы дами бастады. Кеңес Одағында кеңес беруге негізделген білім беру жүйесі пайда болды. Бұл модель оқытушы мен студент бір-бірін көрмеген кезде сырттай оқуды білдіреді. Бұл жүйе әртүрлі деңгейде курстар ұсынды. 60 жылдары КСРО-да 11 сырттай оқу университеті, сондай-ақ сырттай білім беру факультеттері ашылды. Екінші дүниежүзілік соғыстың соңына қарай КСРО-ны сырттай оқыту жүйесінің тәжірибесі Орталық және Шығыс Еуропаның елдеріне таралып кетті (Царапкина және т.б., 2017: 304-318).

Бастапқы кезеңде қашықтан білім беру келесі бағдарлама бойынша өтті. Курстың басында міндетті дәрістер өткізілді. Курстың сипаттамасы және қажетті материалдар берілді. Көрсетілген мерзім ішінде студент курс бойынша ақпаратты өз бетінше игерді. Бұл ретте оқытушымен телефон арқылы қоңырау шалуға немесе хат жазысуға мүмкіндік берілетін. Жыл немесе семестр қорытындысы бойынша студенттер оқу орнына келіп, сессия тапсыратын.

XX ғасырдың бірінші жартысында жаңа технологиялардың пайда болуымен қашықтан білім беруді дамыту үрдісі қарқынды жүре бастады, ол әр түрлі форматтарда жүргізілді және білім алушылардың кең ауқымы үшін арналды.

Қашықтан оқыту бойынша бастапқы мақсатты топтар кәсіби, әлеуметтік және отбасылық міндеттемелері бар ересектер болды. Алайда 1920-шы жылдары қашықтан білім беру орта мектептің оқу бағдарламасын байыта бастады. Муди Библия институты 1901 жылы сырттай бөлім құрып, оған бүкіл әлемнен 1 миллионнан астам оқушы тіркелді, білім беру ұйымы бүгінгі күнге дейін қызмет етіп келеді. Мичиган штатының Бентон-Харбордағы студенттерге 1923 жылы кәсіптік курстар ұсынылды, Небраска штатының университеті орта мектептерде сырттай курстармен тәжірибе жасай бастады.

*Қашықтан білім беру дамуының 2-кезеңі.*1894 жылыГульельмо Маркони электр импульстары мен сигналдарын таратуда және аппаратурада жетілдіруде қадам жасап, радиоқұрылғы үшін алғашқы патент алған кезде қашықтан оқыту жаңа серпін алды (Alfred, Chandler: 2001: 336).

Қашықтан оқыту барынша көп білім алушыларды қамту мақсатында жаңа коммуникациялық технологияларды зерттеуге бет бұрды.

1906 жылы Висконсин штатының Университетіқашықтан оқыту ұйымы ретінде құрылды. 1919 жылы Висконсин университетінің профессорлары әуесқой сымсыз станцияны құрды, кейінірек ол WHA – алғашқы федералды лицензияланған радиостанция ретінде белгілі болды (Flinders, Moroye, 2015: 319).

Сонымен, радио ойлап табумен қашықтан оқытуды дамыту үрдісі жеделдетілді, білім алушылармен жұмыстың жаңа формалары қол жетімді болды. Радиодәрістер кейбір кезде адиториялық дәрістерге қатысумен және баспасөзде оқу материалдарын жариялаумен толықтырылды. Демек радиодәрістермен қатар корреспонденттік оқыту жолдарын қолдану да өз жалғасын тапты.

Аудиожазба соқырларға және барлық оқушыларға арналған нұсқауларда пайдаланылды. Зертханалық жинақтар электроника және радиотехника сияқты салаларда қолданылды. Қашықтан оқытудың барлық ірі масштабты ұйымдары жеке сырттай мектептер болды. АҚШ-та электрондық коммуникация технологиялары саласындағы жетістіктер қашықтан оқытудың басым ортасын анықтауға көмектесті.

1922 жылы радионы оқытуға енгізген алғашқы жоғары оқу орны Пенсильвания мемлекеттік университеті болды деп саналады. Осыдан кейін көп ұзамай, 1925 жылы Айова мемлекеттік университеті бес радиохабар курстарын оқыту үшін, білім беру кредиттерін ұсына бастады. Ал 1934 жылы осы университет әлемдегі алғашқы білім беру арнасын іске қосты, ол әлі күнге дейін қызмет көрсетіп келеді. (Петькова, 2015: 199-204).

1922 жылы жетпіс үш білім беру мекемесі хабар таратуға әдеттегі лицензия алды, бірақ лицензия алғандардың жартысында ғана эфирге шығатын станциялар болды (Television in the Schools: Instructional Television and Educational Media Resources at the National Public Broadcasting Archives, 2008: 59-65). 1920 жылдардың соңына қарай 176 оқу орнында радио хабар тарату үшін лицензиялары болды.

1920 жылдардың басы білім беру хабарын таратудың бастапқы кезеңі ретінде қарастырылады. Алайда колледждер мен университеттер оқу материалдарын беру шеңберінен тыс лезде шығып, ұйымдардағы спорттық іс-шаралар, концерттер, драмалар мен қонақ дәрістер туралы хабарлар тарата бастады (Buckland, Dye, 1991:11).

Радиохабар таратудың артуына қарамастан, жергілікті жерлердегі станциялардың қоғамдық хабар таратуын реттейтін ешқандай да реттеуші заң болған жоқ. 1912 радио туралы заң бұл мәселені шешуге ұмтылып, мемлекетаралық немесе шетелдік коммерция үшін станциялардың барлық операторларын және таратушы құрылғыларын лицензиялауды талап етті. (Radio Communication Laws of the United States, 1914). Дегенмен Радио туралы заң радиохабардың мүддесін тиісті деңгейде қорғай алмады, сөйтіп 1922 жылға қарай жаңа радиостанциялардың көптігі радиохабарлар үшін қол жетімді жиіліктердің шектеулі санын барлығын қамтып қойды.

1929 жылы Ұлы Депрессияның басындаға жағдаяттар білім беру мекемелері мен білім беру радиохабарларына айтарлықтай әсер етті. Сол кезде оқу орындарындағы 176 радиостанцияның ішінен тек отыз бесі ғана қызмет етуді жалғастырды (Buckland, Dye, 1991: 11). Өз қызметін одан әрі жалғастыру үшін кейбір мекемелер ғылым, әдебиет, тарих және музыка туралы күнделікті бағдарламаларды ұсынатын «Эфир мектебі» атты жобаны бастады.

Радио кейбір елдерде тәрбие беру және ақпараттандырудың тамаша құралына айналды. Радио хабар тарату өте арзан болды және шапшаң ақпарат таратты, оның мазмұнын өзгерту, манипуляциялау мүмкін болды, сонымен қатар ол қоғамның басым бөлігін қамтуға жағдай туғызды.

1700-ші жылдары басталған қашықтықтан білім берудегі инновациялар жаңа технологиялардың пайда болуына қарай арта берді. Радиохабарлар енгізілгеннен кейін көп ұзамай, телевизиялық экранда теле жүргізушіні көру адамдар үшін технологиялық ілгерілеу қамтамасыз еткен феноменге айналды.

*Аудиовизуалды құрылғылар арқылы оқыту.*Технологияның қол жетімділігіне қарамастан, білім беру үшін телевизиялық хабар тарату 1932 және 1937 жылдар аралығында Айова университетінде басталды (Koenig, Hill, 1967: 5).

Тіпті бұл білім беру мақсатында теледидарды қолдану тек тәжірибе жүзінде ғана болды. Білім беру үшін телевизиялық хабар таратушы ETV болып анықталып, білім беру, ақпарат, қоғамдық істер, мәдениет, көңіл көтеру телебағдарламаларын тарататын орта ретінде қызмет ете бастады (Koenig, Hill, 1967: 14). Әскери даярлықта аудиовизуалды құралдарды кеңінен қолдану білім берудегі оның тиімділігін көрсетті, осылайша білім беру ұйымдарында да видеобейнені пайдалану кең таралған феноменге айнала бастады. Дегенмен, бұл қашықтан оқыту үшін теледидарды кең қолдануға әкелмеді.

Білім беру теледидарының пионерлері және білім беру теледидарының әлеуетін ерте аңғарғандар Айова университеті, Айова штаты, Канзас Мемлекеттік Университеті, Мичиган Университеті және Америка Университеті (Koenig, Hill, 1967: 14) болды. Оқыту ортасында технологиялар мен бейнелерді пайдалану дамығанына қарамастан, қашықтықтан оқыту үшін теледидарды пайдалану әлі де көптеген кедергілерге тап болды. 1948 жылы Федералдық байланыс комиссиясы (FCC) лицензияға өтінімдер беру ажиотажының нәтижесінде туындаған олқылықтар мен бөлу проблемаларына байланысты жаңа теледидар лицензияларын беруге тыйым салды (Federal Communications Commission, “Visionary Period, 1880’s Through 1920’s”: 2005).

1960-шы жылдары әзірленген және 1980-ші жылдарда рентабельді бола бастаған спутниктер технологиясы оқу телеарналарын тез таратуға мүмкіндік берді. АҚШ пен Канадада федеративті деңгейде қаржыландырылған Аппалач білім беру спутнигі (1974-1975 жылдары) эксперименттер кезінде спутниктік трансляция арқылы білім беруге мүмкін екендігін көрсетті. Дегенмен, бұл эксперименттер нашар жоспарланғаны үшін қатты сынға алынды. Алайда қашықтан оқытудың кейінгі әрекеттері табысты болды.

1960-шы жылдары қашықтан оқыту халықаралық деңгейде мойындалып, ЮНЕСКО-ның қолдауымен белсенді дами бастады. 1963 жылы Англияның премьер-министрі Г.Вильсон қашықтан оқытуды пайдаланатын барлық оқу орындарын біріктіруді көздеген «эфирлік университет» құрылғаны туралы жариялады.

1969 жылы Англияда Ашық университет (Open University) құрылды. Бұл жоғары оқу орны бастапқыда жұмыс істейтін ересек адамдардың жоғары білімге ие болу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін құрылды. Англиядағы Ашық университет қашықтықтан білім берудің кешенді оқыту тәсілін жүзеге асырды. Оқу құралдары, радио және телехабарлар студенттермен бір жақты қарым-қатынасты жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Ал екі жақты қарым – қатынас кеңес беру және қысқа мерзімді курстар арқылы жүзеге асырылды.

Бүгінгі таңда бұл университет үлкен танымалдылыққа ие, онда әр түрлі бағыттар бойынша әртүрлі елдерден 200 000-нан астам студент білім алады, әрі 1969 жылдан бері 3 млн астам түлегі бар.

Осындай үлгідегі оқу орындары сол кезеңде басқа да Еуропа елдерінде ашыла бастады.

1960-шы жылдардың соңында және 1970-ші жылдардың басында білім беруде радио мен теледидарды пайдалану арта берді, бірақ қашықтықтан оқыту тұрғысынан емес. Мұғалімдер теледидарды сыныпта ғылыми тұжырымдамаларды көрсету және түсіндіру құралы ретінде пайдаланды және отбасылар үйлерде кабельдік теледидар арқылы білім беру бағдарламаларын

қосу үшін әрекет жасады (Қоғамдық хабар тарату қызметі және ұлттық қоғамдық радио). Дегенмен, қашықтан оқытуда теледидарды пайдалану, яғни оқытушы мен студент арасында асинхронды сабақ беру төмендей берді (Verduin, Clark, 1991). Оның ең негізгі себебі қашықтан оқытудың теледидар курстары нашар дайындалды. Бұл теледидар курстарында оқытушы әдетте жай ғана дәріс оқып, сол себепті көрермендердің назарын ұзаққа дейін ұстай алмады. 1970 жылдардың ортасынан соңына дейін бұл жағдай өзгерді. Британдық телерадиокомпания (BBC) американдық теледидар курстарын әзірлеушілер үшін стандарттарды орнатты (Verduin, Clark, 1991). Бұл кезеңде оқыту құралы ретінде компьютерлерді пайдалану жүзеге асырыла басталды, бірақ педагогтар бұл технологияны қабылдауға және қолдануға әлі дайын болмады.

Басқа да әлемнің ірі қашықтан оқыту орталықтарына (мегауниверситеттерге) Оңтүстік Африка университеті (1946 жыл), Түркиядағы Анатолий университеті (1958 жыл), Канадада Атабаска университеті (1970 жыл), Хагендегі ашық университет (Германия, 1974 жыл), Сукхотхай Тхамматхират Ашық университеті (1978 жыл, Тайланд), И.Ганди атындағы Ұлттық Ашық университет (1985 жыл, Үндістан). 1980 жылдардың басынан бері Жапонияда «Эфирде Университеті» жұмыс істей бастады.

АҚШ-та 1989 жылы әр түрлі елдерден 1 миллионнан астам студенттерді біріктіретін қоғамдық телехабар тарату жүйесі құрылды. Қашықтан оқыту бойынша Пенсильван университетінің жұмыс тәжірибесін ЮНЕСКО виртуалды университетті ұйымдастыруда пайдаланған.

Алайда халықтың білім деңгейі салыстырмалы төмен және білім беру үрдісінің неғұрлым артта қалған және техникалық жарақтандырылуы жеткіліксіз Таяу Шығыс және Орталық Америка, дамушы Азия және Африка елдерінде қашықтан оқытудың дамуы айтарлықтай артта қалуда.

Қашықтан білім беру дамуының 3-кезеңі. Көп ұзамай бір технология тез екіншісін ауыстырды, және көп ұзамай спутниктік станциялар арқылы онлайн-курстар ұсынылды, сонда Интернеттің негізі қаланды.

1950-1960 жылдары Еуроп мен АҚШ-та бағдарламаланған оқыту идеяларының дамуымен атап өтілді. Сол уақыт кезеңінде көптеген жоғары білім беру ұйымдарында «оқу пакеттері» немесе «модуль» жүйесі арқылы оқыту кең қанат жайды, бұл қашықтан білім берудің дамуына айтарлықтай серпін берді.

60-шы жылдары IBM компаниясы Coursewriter қашықтан оқытудың бірегей бағдарламасын әзірледі. Оны әр түрлі сабақтарда қолдану үшін орнатуға болатын және ол Альберта университетінде 1968-1980 жылдар аралығында 17 түрлі курстарды оқытуда пайдаланылды (Петькова, 2015: 199-204).

Оқытуда компьютерлерді пайдалану 1980 жылдары корпоративтік аренада пайда болды, өйткені компаниялар жаңа қызметкерлерді оқыту үшін компьютерлік бағдарламаларды (Rudestam, Schoenholtz-Read, 2002: 3–28) пайдаланды. 1989 жылы Феникс университеті алғашқы бірі CompuServe тұтынушылардың онлайн-сервисін пайдалана бастап, бұл тарихта онлайн білім беру бағдарламаларын қолдана бастаудың алғашқы қадамы болды (Tikkanen, Amy, 2016).

Инернетті ойлап тапқан адамзат білім беру технологияларында тағы бір қадам алға басты. Осыдан кейін көп ұзамай 1991 жылы әлемдік Веб (Web) ашылды. 1990 жылдар бойы білім беру мекемелері қашықтан білім берудің синхронды, асинхронды және аралас оқыту режимдерін пайдаланды.

Феникс университеті интернет арқылы онлайн-білім беру бағдарламаларын ұсынушылардың біріне айналды. Дегенмен коммерциялық емес мекеме бола отырып Феникс университетінің онлайн-білім беру нарығына ұмтылуы көптеген беделді мекемелер, сондай-ақ коммерциялық емес колледждер мен университеттердің де соған ұмтылуға (Carlson, Carnevale, 2001: 7-8) түрткі болды.

«The Alfred P. Sloan Foundation», гранттарды ұсынатын беделді қайырымдылық, коммерциялық емес мекеме 1992 жылы асинхронды оқыту желісін (ALN) сыныпта дәстүрлі сабақтарға қатыса алмайтын адамдардың білім алуы үшін балама ретінде әзірледі (Alfred P. Sloan Foundation: 2012: 49).

Онлайн білім беру деген сұраныс өсе келе «The Alfred P. Sloan» қоры онлайн білім беру сапасын арттыру мақсатында онлайн-бағдарламаларды ұсынған мекемелерді қаржыландыруды бастады. Бұл жаңа қашықтан оқыту құралының жоспарлы болуы мен тиімділігі айқын көрінді, сондықтан да академияның нарыққа шығуы уақыт мәселесі ғана болды.

1992 жылы Мичиган университеті компьютер көмегімен онлайн-оқытудың жеке тұлғаға бағытталған түрін әзірледі. 1994 жылы университет кейбір студенттер-психологтарға виртуалды оқыту мектебін (VSS) ұсынды. Бұдан басқа, 1994 жылы қашықтан оқытумен айналысатын Нью-Гемпширдегі компания интернет арқылы оқу материалдарын жіберу, оқыту, білім беру үрдісін басқару мүмкіндігін беретін CALCampus бағдарламасын әзірледі. (Петькова, 2015: 199-204).

1990 жылдардың ортасынан бастап университеттер мен колледждер онлайн курстарды жүргізуде тәжірибе жасай бастады. 1997 жылы Blackboard компаниясы курстарды басқару және ұсыну үшін стандартты платформа әзірледі. Қазіргі уақытта компания қашықтан оқыту технологиялары саласында әлемдік көшбасшы болып табылады, оның өнімдерін бүкіл әлем бойынша 10000-нан астам ұйым пайдаланады.

Дегенмен, дәстүрлі коммерциялық емес мекемелерде онлайн білім берудің жылдам өсуі 1998 жылға дейін басталған жоқ (Arenson, 1998: 8). 1998 жылдың қазанында елдегі ең ірі үздіксіз білім беру мекемелерінің бірі болып табылатын Нью-Йорк университеті (NYU) онлайн білім беру филиалы - NYU Online-ді құрған ең алғашқы ірі коммерциялық емес университет болды.

1999 жылы АҚШ-та Jones International University құрылады. Ол мемлекеттік аккредитациясы бар алғашқы қашықтан оқыту университеттердің бірі болды. Университет студенттерге АҚШ-тың 30 оқу орнының қашықтан оқу курстарын ұсынатын телеарналар желісі негізінде құрылды.

Білім берудің қол жетімділігін арттыру мақсатында 19 штат губернаторы негіз құрған және одан әрі қолдау көрсеткен Батыс губернаторларының Университеті (Western Governors University) колледжі тура сол жылы өз есігін ашты. 1998 жылы қарашада 100 университет пен колледжді біріктірген Калифорния виртуалды университеті (The California Virtual University) 1600 онлайн-курс ұсына бастады (Arenson, 1998: 2).

Шамамен сол уақытта басқа да бірқатар мекемелер коммерциялық еншілес компаниялар ашты, бірақ олардың көбісі көп ұзамай өз қызметін тоқтатты. 2001 жылы қазанда Феникс коммерциялық университетімен бәсекеге түсе алатын NYU Online ұйымның өзі және Мэриленд Университетінің коммерциялық бөлімі жабылды (Carlson, Carnevale, 2001: 7-8).

Бір таңқаларлық жағдай 2001 жылы Феникс Университетіне түскен талапкерлердің саны 16 000 нан 29 000-ға дейін екі есе артты (Carlson, Carnevale, 2001: 7-8). 2002 жылға қарай 1,6 млн талапкер онлайн курстарға тіркеліп, ал алты жылдан кейін онлайн білім алушылардың саны 3 есе артты. Алайда Феникс Университетінен басқа онлайн бағдарламаларды ұсынған ұйымдардың көбісі өз қызметін тоқтатты. Олардың ішінде онлайн бағдарламаларды қолдана бастаған дәстүрлі білім беру мекемелері болды.

Мекемелердің қызметін тоқтатуына ықпал еткен факторлардың бірі онлайн білім беру мен дәстүрлі білім беруді бір-бірінен ажыратқан жоқ еді. (Arenson, 1998: 2) Көптеген оқытушылар мен профессорлар онлайн сабақта дәстүрлі сыныптағы сияқты дәріс оқу ретінде оқытуды жалғастырды. Дегенмен, зерттеулер көрсеткендей, онлайн курс жақсы бағдарламаланған, жоспарланған және құрылған болуы тиіс, сонымен бірге оқытушы мен қатысушы арасында өзара белсенді арақатынасты қамтамасыз етуі тиіс. (Gaytan, McEwen, 2007: 117-132); (Palmer, Холт, 2008: 101–113).

(Carlson, Carnevale, 2001: 7-8) ойы бойынша, сәтсіздіктің себебі тек онлайн педагогиканың есепке алынбауы ғана емес еді. Педагогтарға институционалды қолдау көрсетілмей, онлайн білім берудің мәнін аңғарған көшбасшылар да болмады.

Шелтон және Солтсман (Shelton and Saltsman, 2005: 192) есебіне қарай онлайн білім беру жөніндегі оқытушылардың 3 негізгі шағымы болды: 1. Бұл оқыту әдісі жөнінде толыққанды түсінік болмайды. 2. институционалды қолдау көрсетілмеуі. 3. Онлайн ортада білім беру сапасы төмендейді деген қауіптің таралуы.

Нәтижесінде, 1998 жылы коммерциялық емес ұйымдар пайданы көбейту мақсатында еншілес компаниялар мен серіктестіктер құрып, онлайн білім беру нарығына ұмтылды, алайда олар білім беру сапасын қамтамасыз ететін негізгі принциптер – институционалды қолдау көрсету және жобаларды жоспарлауды елемеді.

Дерек Бок (Derek Bok, 2003: 85) айтуы бойынша, жаңа технологиялар оқытуды жақсарту үшін әлеуеті бар үлкен қуатты пайдаланады, сондықтан да егер университеттер пайда тауып, білім беруді коммерцияландырса, ЖОО-ның беделі мен тұтастығына қауіп төндіреді. Ол сондай-ақ университеттер жаңа технологияларды зерттеуге инвестиция салып, білім сапасын жақсарту үшін оларды пайдалануы қажет деп мәлімдеді.

Жаңа ақпараттық және педагогикалық технологияларға сүйеніп қашықтан оқыту өзекті мәселеге айналды, өйткені ол қоғамның қажеттілігіне барабар жауап бере алды.

ЮНЕСКО қашықтан білім беру секторының жетекшісі Луис Роселло өз баяндамасында XXI ғасырдың алғашқы он жылдығында қашықтан білім беруді дамытудың бірінші кезеңінде студенттердің елден елге көшу қажеттілігі төмендеп, оның орнына әлем елдерінің білім беру жүйелерінде идеялар, білім және білім беру ресурстарымен алмасудың мобильді тұжырымдамасы қалыптасады деген ой білдірді.

ЮНЕСКО мамандары қашықтан оқытудың мынадай ұзақ мерзімді ұстанымын анықтады: әрбір адам үшін кез келген жерде қалаған колледж немесе университеттің бағдарламасын игеруге мүмкіндік беру. Осылайша, қашықтан оқыту әрбір адамның ақпарат пен білімге қол жеткізуіне тең құқықтылықты қамтамасыз етеді (Кузьмин, Фирсов, 2004: 118).

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында қашықтан оқыту әлем бойынша қарқынды дами бастады. Интернет жүйесі жетілдірілді, қолжетімді болды, сондай-ақ қашықтан оқыту технологиялары дамытылды. Нәтижесінде интернет-технологияларды пайдаланатын білім беру ұйымдарының саны өсті.

2011 жылы күзде Стенфорд университетінің профессорлары Себастьян Тран және Питер Норвиг жасанды интеллект негіздері бойынша кіріспе онлайн курсын ашты (Петькова, 2015: 199-204). Өз кезегінде, курстардың мұндай ашылуы интернет арқылы курстарға қатысқан 190 елден 160000-нан астам студентті тартты. Білім алушылардың басым бөлігі уақыт өте келе азая бастады, бірақ 23 мың ең тұрақты қатысушы оқу курсын аяқтады. Себастьян Тран қол жеткізген жетістік басқа университеттерді (Принстон, Пенсильвания, Мичиган университеті) онлайн курстарын ашуға шабыттандырды. Бұдан әрі Стенфорд ғалымдары онлайн-курстардың қуатты жеткізушісі - Udacity веб-сайтын құрды. Қашықтан оқытуды дамытудың келесі кезеңі көпшілік ашық онлайн-курстарды (massive open online courses, MOOC) ашу болып табылады. MOOC өз тыңдаушыларына түрлі университеттердің оқу бағдарламаларын ұсынатын платформалар.

Қазіргі заманғы қашықтан оқытудың қарқынды дамуы сырттай білім алуға байланысты ғана емес, сонымен қатар көпшілік ашық онлайн-курстардың (MOOC) жаппай таралуына байланысты да болып отыр.

2011 жылдан бастап әлемнің беделді университеттері MOOC құру мен ілгерілету үшін өз курстарын Coursera, Udacity, edX, FutureLearn, OpenupEd және т.б. арнайы құрылған онлайн-провайдер-платформаларда орналастыра бастады. Осылайша, 2016 жылғы деректерге

байланысты ең танымал Coursera білім беру платформасы сегіз жүзден астам курстарды ұсынады әрі Солтүстік Америка, Еуропа, Австралия және оңтүстік-шығыс Азияның 100-ден астам университеттерін біріктіреді. 2014 жылдан бастап оған кейбір ТМД-ның жоғары оқу орындары да қосылды (Царапкина және т.б., 2017: 304-318).

Қашықтан оқыту оқушы мен мұғалім арасындағы бетпе бет қарама-қатынасқа түспей-ақ білім беруге мүмкіндік беретін алғышартқа негізделген. Әрине, XVIII ғасырда оған қол жеткізу қиын болды. Бүгінгі күні коммуникациялық технологиялар және интернет желісіне қосылған компьютерлердің қол жетімділігі нәтижесінде қашықтан білім беру үшін мәселе ретінде қарастырылмайды. Қашықтан білім беру көптеген дамыған елдердің дамуында маңызды рөл атқарады, өйткені ол білімге тең құқықтылықты, арзан бағаны әрі ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Интернет арқылы білім беру қашықтан оқытудың ең қауырт дамып келе жатқан түрі. Онлайн білім беру күннен күнге сұранысы артып келе жатқан қашықтан оқытудың бір түрі, ол дәстүрлі және дәстүрлі емес колледждер мен университеттерде жоғары маңызға ие. 2011 жылы мекемелердің 65% онлайн-оқыту олардың ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарларында (Allen, Seaman, 2011: 44) өте маңызды ұстанымдардың бірі екенін мойындады.

Интернет арқылы білім беру тек қашықтан оқытудың форматын өзгертіп қана қоймай, әлем бойынша білім беру жүйесінің жаңа бір деңгейге көтерілуіне айтарлықтай ықпал етті. Қазіргі таңда әлемде жоғары білім беруде коммерциялық ұйымдардың саны артуда, дәстүрлі коммерциялық емес ұйымдардың білім беруді коммерциязациялау үрдісі, онлайн оқытуға деген үлкен сұраныстың артуы байқалуда (Allen, Seaman, 2011: 44).

Кірпіш пен цементтен қаланған сан ғасырлық университеттер өзінің инфрақұрылымын көптеген жылдар бойы қалыптастырды және ол оқытушы мен студенттің арасында аудиторияда білім беру үшін бейімделген, бұл жағдай 50 жыл бұрын солай болды әрі бүгінгі күні өз жалғасын табуда (Drucker және т.б., 1998: 223). Білім беру цифровизация мен киберизацияға ұшырап жатыр (Sener, 2012: 157). Киберизация сандық технологияларға мен мәдениетке бейімделу үрдісі болып табылады (Sener, 2012:125).

Сенердің айтуы бойынша, онлайн білім берудің алғашқы кезеңі оған деген қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталды, ал келесі кезеңі онлайн білім беру мен білім берудің тұтастай алғанда сапасын жақсартуға бағытталды. Бұл жерде білім беруді үлестіру мәселесі ғана емес, білім беру, сақтау және генерациялау жолдары қарастырылады (Sener, 2012: 124).

Йел университетінің бұрынғы президенті және Coursera-ның қазіргі бас директоры Ричард Левин былай деп мәлімдеді: «10 немесе 20 жылдан кейін танымал университеттер туралы сөз қозғаған кезде, олардың ғылыми әлеуеті туралы ғана емес, білім беру мазмұнына деген қолжетімділігі де қарастырылатын болады» (Kolowich, 2014).

ЮНЕСКО мәліметтеріне сәйкес, 2020 жылдың 26 наурызында COVID-19 коронавирусының өршуі бүкіл әлемде 1,5 миллиардтан астам оқушыға әсер етті. Осыған байланысты білім беру үрдісін жалғастыруды қамтамасыз ету үшін барлық мүдделі тараптар тарапынан шұғыл шаралар талап етіледі (Huang және т.б. 2020:54).

Қорытынды

XVIII ғасырдың басында корреспонденттік оқытудың қалыптасуы білім берудің төлем ақысын төлей алмаған адамдарға білім алуға мүмкіндікті қамтамасыз етті. Сол арқылы қоғамда білімді адамдардың саны артып, бұл жағдай жалпы ғылыми техникалық прогресстің және қоғамдық әлеуеттің ілгерілеуіне жағдай жсады.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырда радио арқылы оқыту білім беруге деген қолжетімділікті арттырды. Радио құрылғыларды білім беру саласында қолдану қоғамның мәдение өмірін дамытып қана қоймай, халық ағарту ісіне елеулі үлес қосты.

Телекоммуникацияның қазіргі жағдайы теледидардың пайда болған уақыттағы жағдайдан түбегейлі ерекшеленеді. Ондаған жылдар ішінде теледидар полиморфты, тармақталған, көп деңгейлі ақпараттық ортаға айналды. Бүгінгі таңда оны тек байланыс құралы ретінде анықтау мүмкін емес-теледидар адам қызметінің барлық салаларына үнемі енгізіліп отырады. Бұл жедел байланыс және оқу құралы. Бүгінгі таңда теледидар білім мен өнердің әртүрлі салаларын синтетикалық түрде біріктіре отырып, олардың жаңа қырларын ашуда.

XX ғасырдың соңғы ширегінде ғаламдық интернет желісі әлемнің кез келген жерінен білім беру ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік берді. Осының арқасында сапалы білімге қол жеткізу әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарға да қол жеткізуге мүмкіндік ашылды. Аудиториялық сабақтар жүргізуге мүмкіндігі жоқ ірі ғалымдарды білім беру үрдісіне тарту, кеңес берудің икемді жүйесін құрастыру, білім беруде алдыңғы қатарлы технологиялар мен кешенді бағдарламалық-әдістемелік жүйелерін пайдалану, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған түрі, күндізгі оқытудың ұқсас білім беру бағдарламаларымен салыстырғанда оқытудың неғұрлым төмен құны, осының барлығы қашықтан оқытудың артықшылықтары ретінде көрініс тапты.

Ал қашықтан оқытудың кемшіліктері: оқытушының білім алушылармен табиғи қарым-қатынасының болмауы, жұмыс орнын үнемі өзгеріп отыратын АКТ-мен жабдықтау қажеттілігі; білімді онлайн бағалау кезінде білім алушының жеке тұлғасын анықтау қиындығы; білім алушыларға тұрақты бақылаудың болмауына және т.б. байланысты.

Дегенмен бірте-бірте қашықтан оқыту үздіксіз білім берудің құрамдас бөлігіне айналды. Осылайша, қашықтан оқытуда ақпараттық технологияларды пайдалану білім беруді сапалы жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік берді. Ақпараттық технологиялар күннен-күнге білім беруде үлкен сұранысқа ие. Бұл көбінесе оларды пайдаланудың тиімділігімен, мобилділігімен және ыңғайлылығымен байланысты. Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану «электрондық оқыту» немесе e-Learning жаңа терминінің пайда болуына алып келді. Қашықтықтан білім беруді дамытуға әртүрлі факторлар әсер етеді. Қашықтан оқытуда адамдардың өздерінің білім алуға деген ұмтылысы шешуші рөл атқарады. Жоғары білікті жұмыс күшіне, біліктілікті ұдайы арттыруға, еңбек нарығындағы бәсекелестік, кәсіби дамуға ұмтылу сапалы және қолжетімді білім алуға сұраныс тудырады. Бұл жағдайда қашықтан білім беру оңтайлы шешім болып табылады.

Қазіргі таңда дәстүрлі және виртуалды оқытуда білім берудің сапасын арттыру маңызды, сонымен қатар заманауи технологиялар мен инновацияларды пайдалана отырып, елдердің білім беру жүйесі мен ғылыми даму әлеуетін арттыру мәселелері өзекті болып тұр. Қашықтан білім беру технологияларын қолдану коронавирустық пандемия жағдайында білім беру үрдісін үзбей жалғастыруға септігін тигізіп отыр. Алайда, дамыған елдердің өзінде технологиялық революцияның артықшылықтарын толық пайдалану мүмкін болмай жатыр. Көптеген елдер білім беру үрдісінде радио, теледидар, цифрлық технологиялар, ал кейбір кезде пошта мүмкіншіліктерін пайдалануда. Сонымен адамзат COVID-19 індетіне қарсы тұру жағдайында қашықтан оқытудың сан ғасырлық тәжірибесіне сүйене отырып, жалпыадамзаттық құндылыққа айналған білім беруді үздіксіз қамтамасыз етуге ұмтылуда. Білім беру жүйесіне қашықтан оқытуды тиімді енгізу мүмкіншіліктері елдердің экономикалық, технологиялық даму деңгейі, тіпті халықтың менталдылығы, инфрақұрылым ерекшеліктері және т.б. факторлардың ықпал етуіне байланысты. Қашықтан оқыту қоғамның күнделікті өміріне, сана-сезімі мен менталдылығына, жалпы елдің адами капиталының дамуына қалай ықпал етуде ғылыми зерттеуді қажет ететін мәселелерге жатады.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

Аитов, Н.А. Социальные аспекты получения образования в СССР // Социальные исследования. – Вып. 2. – Москва: Наука. – 1968. – с.187-196.

Антошкин В.Н. Социальное единство и совместимость в сфере образования // В.Н. Антошкин. Уфа: Башкирский государственный педагогический университет им. М. Акмуллы. – 1997. – 142 с.

AllenI. E., SeamanJ. Staying the course: Online education in the United States // The Online Learning Consortium. USA: Sloan-C TM – 2008. – 28 p. – URL: https://onlinelearningsurvey.com/reports/staying-the-course.pdf (жүгіну мерзімі 08.07.2020)

Бактыбаев Ж.Ш., Тусубаева Ж.М. Дистанционное обучение как путь реализации открытого образования // Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая, серия «Физико-математические науки». –Алматы, 2019.– №1(65).–228-235 с.

Беккер Г. Человеческий капитал (главы из книги. Воздействие на заработки инвестиций в человеческий капитал) / США: экономика, политика, идеология / 1993. №2-3; Беккер Гэри С. Избранные труды по экономической теории. Человеческое поведение. Экономический подход: пер. с англ. – Москва: ГУВШЭ, 2003. – 86-104 с.

Бикметов, Е. Ю. Образование как сфера общения / Е.Ю. Бикметов. – Уфа: Изд-во БАГСУ, 1998. – 108 е.; Бикметов, Е.Ю. Образование как социокоммуникативный процесс: теоретико-методологические проблемы управления / Е.Ю. Бикметов. – Москва: РАГС, 2003. – 101 с.

Биндиченко, Е. В. Состав и структура сферы услуг // Сфера услуг: Проблемы и перспективы развития / Под ред. акад. Ю. П. Свириденко. – 4 т. – Москва, 2000.

Бондарева С.Г., Завалко Н.А. Организация дистанционного обучения будущих учителей в условиях университета // Открытое и дистанционное образование №4 (8), Томск: Ассоциация образовательных и научных учреждений "Сибирский открытый университет". – 2002. – стр. 87-89.

Вебер М. Избр. Произведения Пер. с немецкого. Сост., общ. ред. и послесл. Ю. Н. Давыдова; Предисл. П.П.Гайденко. – Москва: Прогресс, 1990. – С. 736-770.

Гилязитдинов Дж.М. Молодежь Башкортостана на рубеже тысячелетий / Дж.М. Гилязитдинов, К.Ж. Давлетова, Ю.Н. Дорожкин. – Уфа: Уфимский Юридический институт МВД РФ. – 2001. – 211 с.

Густырь А.В. К определению терминологического стандарта открытого и дистанционного образования // Проблемы нормативно-правового обеспечения открытого образования. Материалы конференции. – Москва: МЭСИ, 2001. – 450 с.

Джусубалиева Д.М. Электронное и дистанционное обучение его реализация в языковом вузе. Матер. межд.научн.-практ.конф. «Достижения и перспективы экономической науки нового столетия: практико-ориентированный аспект», Институт мировой экономики и финансов. –Астрахань, 2015. – 30 октября. – С.130-145

Долгоруков А. Проблемы развития дистанционного образования в России // Вестник Московского университета. – 1999. – №1. – Сер.18. – С. 102-117.

Дьюи Д. Демократия и образование: пер. с англ. – Москва: Педагогика-Пресс, 2000. – 384 с.

Дюргейм Э. Социология образования: пер. с фр. Т.Г. Астаховой / Э. Дюргейм; Науч. ред. В.С. Собкин, В.Я. Нечаев. – Москва: ИНТОР, 1996. – 80 с.

Егорышев, С.В. Наука, образование и общество в современной России / С.В. Егорышев // Современный образовательный процесс: непрерывность, доступность, качество: Материалы Российской научно-практической конференции, март-апрель 2004 г. – Уфа: Восточный университет, 2004. – С. 21-24.

Журинов М.Ж. Некоторые проблемы высшего образования Республики Казахстан, повышения качества подготовки специалистов. // Вестник высшей школы Казахстана. – Алматы, 1993. – № 3. – С. 5-13.

Кабакович Г.А. Применение в учебном процессе вуза инновационных методов и технологий) / Г.А. Кабакович // Роль классических университетов в формировании инновационной среды регионов: Мат-лы Междунар. науч.-практ. конф., 4 декабря 2009 г. – Уфа: БашГУ, 2009. – 21-24 с.

Караев Ж., Балафанов Е., Есбосынов М. Анализ и тенденция развития дистанционного образования // Высшая школа Казахстана. – 1998. – №6. – С.140-148.

Коулмен Дж. Капитал социальный и человеческий // Общественные науки и современность. 2001. – № 3. – С. 122-139.

Леготин Э.В. Образование и человеческий потенциал / Под общей редакцией Р.М. Валиахметова Р.М., Бурхановой, Д.М. Азаматова и [др.] // Доклад о развитии человеческого потенциала в Республике Башкортостан за 2008 год. – С. 173-179.

Мангейм К. Очерки социологии знания: Проблема поколений - состязательность-экономические амбиции / К. Мангейм; Пер. с англ. Е.Я. Додина; Отв. ред. JI.B. Скворцов. – Москва: ИНИ-ОН РАН, 2000. – 162 с.

Нургалиева Г.К., Тусубаева Ж.М. Дистанционное обучение в ведущих университетах Республики Казахстан // Высшая школа Казахстана, 2003. – №4. – С. 39-43.

Околелов О.П. Процесс обучения в системе дистанционного образования //Дистанционное образование. – 2000. – № 3. – С. 37-44.

Петькова Ю.Р. История развития дистанционного образования. положительные и отрицательные стороны моос // Успехи современного естествознания. – 2015. – № 3. – С. 199-204; URL: http://www.natural-sciences.ru/ru/article/view?id=34763 (дата обращения: 03.07.2020)

Попов В.Д. Общество, образование, личность / В.Д. Попов. Саратов: СГУ, 1981. С.198.

Царапкина Ю.М., Миронов А.Г., Кирейчева А.М.Потенциал использования и перспективы развития дистанционного обучения // Современные исследования социальных проблем. – 2017. – Том 8. – № 7. – Стр. 304-318.

ЮНЕСКО об информационном обществе: основные документы и материалы, под. изд. Е.И.Кузьмин, В.Р.Фирсов. – Санкт-Петербург: Российская национальная библиотека, 2004. – 118 с.

Allen, I. E,Seaman, J. Going the distance: Online education in the United States// The Online Learning Consortium / Boston, MA, 2011. – URL: https://eric.ed.gov/?id=ED529948 (жүгіну мерзімі 09.07.2020)

Alfred P. Sloan Foundation. Anytime, anyplace, anywhere. // The Internet and Higher Education.–2012. –15(2). –p. 49. – URL: https://www.researchgate.net/publication/251645844_Examining_the_extent_and_nature_of_online_learning_in_American_K-12_Education_The_research_initiatives_of_the_Alfred_P_Sloan_Foundation (жүгіну мерзімі 09.07.2020)

Alfred D., Chandler Jr.Inventing the Electronic Century: The Epic Story of the Consumer Electronics and Computer Industries, Publisher: Free Press; First Edition, 2001. – 336 p.

Arenson, K. N.Y.U sees profits in virtual classes // The New York Times. October 7, 1998, Section B, –p. 8. – URL: https://www.nytimes.com/1998/10/07/nyregion/nyu-sees-profits-in-virtual-classes.html (жүгіну мерзімі 09.07.2020)

Arenson, K. More colleges plunging into uncharted waters of on-line courses // The New York Times. November 2, 1998, Sec. A, 16(1), –p. 2. URL: https://archive.nytimes.com/www.nytimes.com/library/tech/98/11/biztech/articles/02online-education.html (жүгіну мерзімі 09.07.2020)

Bowen H.R. Investment in Learning. Jossey-Bass press, San Francisco, California, 1977. –514 p.

